



8 сәуір 2011 ж.

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстандағы Венгрия елшісі Имре Ласлоцки ЕҰУ студенттеріне өз елінің ішкі саясаты және оның Қазақстанмен қарым-қатынасы жайлы дәріс оқиды

АСТАНА – 2011 Дүйсенбі, 11 сәуір күні Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Қазақстандағы Венгрия елшісі Имре Ласлоцки «ЕО және ЕҰУ достастық көпірі» жобасы аясында «Венгрия Республикасының Еуропалық Одақ Кеңесіне төрағалық ету кезіндегі ішкі саясаты» атты тақырыпта ЕҰУ студенттері алдында дәріс оқиды.

Елшінің аталмыш дәрісі үш бөлімнен тұрады:

1. Венгрия Республикасының ішкі саясаты;
2. ЕО Кеңесінде Венгрияның төрағалық етуі;
3. Қазақстан мен Венгрияның екіжақты қарым-қатынасы.

Оқу орнының оқытушы-профессорлар құрамы, студенттер мен магистранттар, докторанттар өздерін қызықтырған сауалдарын елшілерге қоюға мүмкіндіктері бар. Ал елшілердің дәрісінен алынған құнды ақпараттар болашақта көптеген ғылыми жұмыстарға арқау бола алады.

Естеріңізге сала кетейік, жобаның алғашқы бөлімін салтанатты түрде өткен жылдың 24 қарашасы күні Қазақстан Республикасындағы Еуроодақ елшісі Норбер Жустен мырза бастап берген болатын. Бүгінге дейін Латвия, Словакия, Греция, Испания, Германия, Финляндия және Чехия мемлекеттерінің елшілері дәріс оқиды. Алдағы уақытта «ЕО және ЕҰУ достастық көпірі» атты жобаға қатысуға Швеция, Ұлыбритания, Румыния, Литва, Франция, Италия, Нидерланды, Бельгия, Польша мемлекеттерінің елшілері ниеттерін білдіріп отыр. Еуроодақ мемлекеттерінің түрлі салалары бойынша оқитын мәртебелі елшілердің дәрістері оқу жылының соңына дейін (2010-2011) жалғасады.

БАҚ өкілдерін осы шараға қатысуға шақырамыз

Өтетін орны:

ЕҰУ-дың бас ғимараты,
ҚР Тұңғыш Президент аудиториясы (208 ауд.)

Басталуы: 11:30-13:00;

Аккредитация:

35-38-10; 8-701-263-39-47